

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2106 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 629 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының " Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау тәртібін белгілеу туралы" 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 512 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 26 шілдедегі N 299 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 94 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3025. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы N 36 Бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 4 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.28 N 36 Бұйрығымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.

"Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 3-тармағын және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 10-бабының 1-тармағының 27-1) тармақшасын іске асыру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН/ қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2106 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 629 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау тәртібін белгілеу туралы" 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 512 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2106 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, N 8) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 629 бұйрығының/Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 512 қаулысының қосымшасындағы шетел валютасының тізбесі мынадай мазмұндағы тармақтармен толықтырылсын:

" 2 6 . 1 б е л а р у с ь р у б л і ;

27. 1 польша злотыы;

28. 1 Оңтүстік Африка ранды.".

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оны мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) оны мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы бұйрық/қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың/қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы Вице-Министрі А.Р.Ойнаровқа және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық/қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Төрағасы